



Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш Жаршысы



№52 (9939)

1 шілде
сенбі

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Салтанатты шара



Қаламгерлер құрметке бөленген күн

АУДАНЫҚ БАСЫЛЫМНЫҢ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ. ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР БАСЫЛЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ОЙ-ПІКІРІН ОЯТУҒА, МӘДЕНИ-ӘДЕБИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, КЕҢЕЙТУГЕ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕДІ. ҚАШАНДА БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДА АЛТЫН КӨПІР БОЛА БІЛГЕН, ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛАМЫНАН ТУҒАН ТЫҢ ДҮНИЕЛЕР, ӨҢІРДЕГІ ЖАРҚЫН ЖОБАЛАРДАН ЖҰРТТЫ ХАБАРДАР ЕТУДЕГІ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕКТЕРІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАҚ ЕМЕС. 90 ЖЫЛҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР «ЖАЛАҒАШ ЖАРШЫСЫ» ГАЗЕТІ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ БОЛЫП, БҮГІНДЕ ӨҢІРДІҢ ТӨЛ БАСЫЛЫМЫНА АЙНАЛДЫ. МЕРЕКЕ АЯСЫНДА ТӨРТИНШІ БИЛІК ӨКІЛДЕРІ АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВТЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА БОЛЫП, ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТКЕ ИЕ БОЛДЫ.

Бүгінде газет қаламгерлері – аймақта атқарылып жатқан толымды істерді өз мақаласына арқау етіп қана қоймай, елдің мұң-мұқтажын да қағаз бетіне түсіріп, билікке жеткізіп жүрген алтын көпір. Сүбелі де сүйекті мақалалары арқылы, сөз маржанын терген елең жолдарымен де бардың бағын асырып, жоқтың жоғын жоқтай білетін ерекше маман иелерінің руханият әлеміндегі орны бөлек. Қалам иелеріне жүктелер жүк ауыр. Ол жұмтың ауыр болары хақ та. Өйткені төртінші билік өкілдері қашанда елмен бірге, халықтың жетістігін де, кем-кетігін де, жалпы елдегі барлық мәселені көтеріп, тиісті деңгейде, жақетті орынға жеткізе алатын да осы қызметте жүргендер екені мәлім. Сол үшін Журналистер «билік пен халық арасындағы алтын көпірге» төңеледі.

Мереке қарсаңында аудан әкімдігінде бас қосқан жергілікті ақын-жазушылар, сала ардагерлері мен бүгінгі «Жалағаш жаршысы» газетінің жұмыс аудан басшылығының ыстық ықпалын сезінді. Қаламгерлер қауымы бұл кездесуде емин-еркін елдің жайың руханият әлемінің озығын да, тозығын да ортаға салды. Ақпарат майданында ықпалға қатар жүрген сала қызметкерлері, осы саланың өркендеп дамуына өзіндік үлесін қосып, құмырын сарп еткен ардагерлерін көбінесе мерекемен құттықтаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Жалағаш жаршысы» газетінің қашаннан ешкімге ұқсамайтын өз жолы бар екенін жеткізді.

– Сыр өңірі, оның ішінде Жалағаш ауданы – қаймағы бұзылмаған тіл мен рухтың, қазақылықтың қайнаған

ортасы. Қазіргі таңда ауданның медиа кеңістігінде аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті жұмыс жасап келеді. Аудандық газет қай уақытта да елді бірлікке шақырып, қиын шақтарда елдің патриоттық рухын көтеріп, халық шаруашылығын дамытуға, еңбек қаһармандарын халық арасында насихаттауға қызмет етіп, елдің көкейіндегісін айтатын еңбеккерлердің ерен еңбегін жариялаған басылым бола білді. Қазіргі таңда «Жалағаш жаршысы» газеті – аудан халқының басты газеті, барлық тіршілікті хабарлап отыратын айнасы. Аудандық газетте қарымды қаламгерлер қалыптастырған дәстүрді қазіргі таңда кейінгі толқын журналистер лайықты жалғастырып келеді. Аудандық басылым бетінде елдің мұң-мұқтажы, ойы мен пікірі, талабы мен

тілегі, қоғам дамуының тынысы айқын көрініс тауып, мемлекет мүддесі, ұлт мұраты мен ұрпақ болашағының маңызды бағыттары жайлы мақалалардың көкжиегі кеңейіп, деңгейі көтерілуде. Сіздердің салмақты сөздеріңіз бен салиқалы пікірлеріңіздің арқасында халық билікке өз сөзін жеткізіп отыр. Сіздердің тынымсыз көсіптеріңізге деген адалдықтарыңыз үшін алғысымды білдіремін, – деді Асқарбек Есжанов. Мереке күні қабалда сала ардагерлері тарих өңіріндегі естеліктерден сыр шертіп, кәсіби мерекенің маңызы мен мазмұнын ашты. Ауданның төл басылымында қызмет еткен ардагерлер кезінде заманның өлі дами қоймаған уақытында қазіргідей ғылыми техноло-

гиялардың жоқтығы былай тұрсын, тіпті газет қызметкерлері айлап айлық, жалақысыз да еңбек еткенін жасырмады. Баспахана жұмысының қиындығына қарамастан барлығын еңсеріп шыққан сол кездегі қызметкерлердің еңбегі кейінгіге үлгі. Сонымен қатар мерекелік жиында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, кезінде «Жалағаш жаршысы» газетіне басшылық еткен аудандық алқа билер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Рысбай Керімов «Жалағаш жаршысы» газеті аймақта өзіндік ерелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқын, аудан жұрты сүйсіне оқитын, тамыры тереңнен бастау алатын беделді басылымдардың бірі екенін атап өтті. Расында ақпарат айдынында ғасырға жуық абырой биігінен түспей, кеңінен қанат жайып келе жатқан аудандық газеттің өресі биік. Бүгінгі таңда алдыңғы буынның салып кеткен сара жолын жалғайтын, оқырманның талабына сай жағымды әрі шынайы ақпараттардың, тың туындылардың жариялануына күш салып жүрген ұжымдағы әрбір қызметкердің еңбегі елеулі. Қаламгерлер қауымы да

аудандағы жылт өткен жаңалықты, жарқын жобаларды мақаласына арқау етіп, жалағаштықтардың құнды дүниелерге қанық болуы үшін қызмет етуде. Мұнан бөлек аудан әкімі Асқарбек Темірбекулы ұлт болып ұйысуға, мемлекет болып ілгерілеуге бағытталған елдік шаруаға қосып жатқан үлесі үшін шын жүректен алғыс айтып, сала ардагерлері мен газет қызметкерлеріне арнайы алғыс хат пен гүл шоқтарын және сый-сияпатын табыстады. Сондай-ақ «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымына арнайы қаржылай сертификат берілді. Айта кетейік, мереке қарсаңында «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымын «Атамат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева да қабылдап, құрмет көрсетті. Бұқаралық ақпарат құралдары ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының, бүкіл тыныс-тіршілігінің шынайы жана-шыры, жалынды жаршысы екенін жеткізген Қ.Шоңмұрынқызы бірқатар қызметкерге алғыс хат пен гүл шоғын табыстады.

Нұржамила АЛПАСҚЫЗЫ

Бәрекелді!

Жол сапасы жақсарды

Бүгінде ауданда жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Соның бірі мердігер «Қызылорда жолдары» ЖШС мекемесінің мамандары көктемде кенттегі М.Шәменов көшесінің күрделі жөндеу жұмыстарын қолға алып, қызу жұмысқа кіріскен болатын. Біз де құрылыс жұмыстарының бүгінгі ахуалымен танысу мақсатында аталған көшеге атбасын бұрдық.

Ауа райының аптап ыстығына қарамастан жолшылар көшедегі жұмысты тоқтатапаған. Құрылыс барысы қарқынды. Жүйелі жұмыстың нәтижесі де көзге көрініп тұр. Бүгінде асфальт төсудің 90 пайызы тәмамдалған, енді әрі кетсе 10 күндік жұмыс қалыпты. Шыны керек, жаңарған жолға қарасаңыз, көз тойып, көңіл марқаяды. Төптегі асфальт, екі жағындағы өңі 1,5-2 м болатын жаяу жүргіншілерге арналған жол да сапалы жасалып, тас кеспекше орналастырылған. Сапалы болатындай бар, өйткені мердігер мекеме жол жөндеудің барлық ережелерін сақтап, жұмыс жүргізуде. Алдымен ескі асфальтты сүріп, жолды тегістеп алды. Содан соң жолдың бетіне бірінші топырақ жайып, кейін бетіне қиыршық тас төселді. Осы жұмыс аяқталған соң ғана асфальт төсеу жұмыстарын бастаған. Сондай-ақ сүріліп алынған ескі асфальттың ұнтағы да пайдаға асырылып, жолдың екі жағына төселген.

Бүгінгі таңда жол құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Көріп тұрғаныңыздай, жол бойында арнайы техника мен құрылысшылар тынымсыз тер төгуде. Жұмыстың 80 пайызы ауыр болғандықтан, барлық істерді техникамен еңсердік. Ал қолмен атқарылатын жол шетіндегі жолақты толығымен орнатып біттік десе де болады. Бүгінге дейін жол құрылысының 90

пайызын аяқтап, қолданысқа беріп те үлгердік. Алдағы уақытта ауа райы кері әсерін тигізбесе, жоспарланған жұмысты екі аптаның ішінде аяқтаймыз деген ойдамыз, – дейді «ОрдаАвтодор» ЖШС бригадирінің көмекшісі Сырым Бисенов. Жалпы, асфальттың қалыңдығы төселген құм-тасымен есептегенде 15 см болса, ал асфальттың өзі 7-8 см қалыңдықта төселген. Сонымен қатар көшенің ортасынан өтіп жатқан арыққа темірден 28 көпір орнатылмақ, яғни жаяу жүргіншілердің жүріп тұруы да жеңілдейтін болады. Асфальттау жұмыстары аяқталған соң жол белгілері орнатылып, асфальт жиегіне тас төселеді. Көше құрылысына 50 шақты жұмысшы тартылған, олардың барлығы – ауданның жұмыссыз тұрғындары. Осы көшенің құрылысы толық аяқталса, мердігер мекеме кенттегі Мысық би көшесіне жөндеу жүргізбек.

Иә, көше тұрғындары да жолдың күрделі жөндеуден өтіп жатқанына қуанышын жасырмады. – Жасыратыны жоқ, кент орталығында тұрсақ та, соңғы жылдары көшеміздің сапасы төмендеп кеткен өді. Енді міне, жаңа асфальт жабындысы төселіп жатыр. Көшеміздің ажары кіріп қалды. Қуанышымызда шек жоқ, Аллаға шүкір, азаматтарға да ризамыз. Өңір басшысына да өкпе жоқ. Мына жолды көріп, мез болып отыр-



мыз, – дейді кент тұрғыны Назира Кенжеғараева. Иә, өңірімізде кейінгі жылдары жол құрылысы қарқын алғанын жалағаштықтар жақсы біледі. Былтыр да бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып, 9 жоба жүзеге асқан болатын. Сондай-ақ кенттегі 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген өді. Қазіргі таңда М.Шәменов көшесінен бөлек аудан орталығындағы І.Нұрқенов, А.Қазыбеков, А.Бекті-

баев, Желтоқсан көшелері де асфальтталды. Сонымен қатар кент тұрғындарының ұсынысына сәйкес Өмірбай шешен көшесі Мырзалиевтен Қалыбаев көшесіне дейін кеңейтіліп, тас төселген. Ал Сәрке батыр көшесінің тұйығында тұратын халықтың тілегі орындалып, көшеге тас төсеу жұмыстары жасалған. Жалпы алғанда, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар көп. Әр ауыл-аймақта қарапайым

халық үшін жасалып жатқан істер көңіл қуантады. Автокөлік жолдарын жөндеу, алдымен темір тұлпар тізгіндеген тұрғындарға қолайлы болатыны сөзсіз. Осындай жағымды жаңалықтар мен игі бастамалар көп болса, ауданымыздың әлеуеті артатынына сенім мол. Жандос ЖАЗКЕН

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65461	Қызылордискиске вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15461	Қызылордискиске вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тт
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тт

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Мейрам



Әлдилеген әнінен күмбірлеген күйіне дейін тұнып тұрған ұлттық сана-сезім бояуы сіңген өнер құдіреті, көне аспап – домбыра. Домбыра – көнеңіз көзі, бабадан қалған асыл мирас. Ол – құнды қазына, ұлттық рух. Н.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында қазақтың ұлттық аспабы – домбыраның маңыздылығына ерекше тоқталып, халқымыздың қадір тұтып, төрге ілген киелі аспабының құрметіне 2018 жылдың 13 маусымында шілденің алғашқы жексенбісін мұрамызды жаңғыртып, өскелең ұрпақ санасына сіңіру мақсатында «Ұлттық домбыра күні» ретінде арнайы Жарлыққа қол қойған болатын. Сол күннен бастап жылда елімізде бұл мереке аталып өтеледі.

Домбыра үні – ұлттың үні



Ұлттық спорт ұлықталды

ӘЛЕМДЕГІ БАРЛЫҚ ЖАРАТЫЛЫС АДАМЗАТТЫҢ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛГЕНІМЕН, БҮКІЛ ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ ИЕСІ АЛЛА. ОЛ БІЗДЕРГЕ МАЛ-МҮЛІК БЕРСЕ, АЛЛАНЫҢ БЕРГЕН НЫҒМЕТІНЕ ШҮКІРШІЛІК ЕТІП, ОРНЫМЕН ЖҰМСАП, ШҮКІРШІЛІГІ РЕТІНДЕ АЛЛА РАЗЫЛЫҒЫ ҮШІН БЕЛГІЛІ БІР МӨЛШЕРІН МҰҚТАЖДАРҒА БЕРУ КЕРЕКТІГІН ДЕ ЕСКЕРТЕДІ. БИЫЛҒЫ КҮЛЛІ МҰСЫЛМАННЫҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ ҚҰРБАН АЙТ 28-30 МАУСЫМ КҮНДЕРІ АТАЛЫП ӨТІЛДІ. 27 МАУСЫМ АРАПА КҮНІ. АУДАНДАҒЫ АЙТ НАМАЗЫ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ «ИМАНҚҰЛ» МЕШІТІНДЕ ТАҒЫ 06.00-ДЕ БАСТАЛДЫ. «ҚҰРБАН АЙТ» МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА АУДАНДЫҚ «ИМАНҚҰЛ» МЕШІТІНІН ЖАНЫНДА ТҰРҒЫНДАР ҮШІН АРНАЙЫ ШАТЫР ТІГІЛІП, ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР ҰСЫНЫЛДЫ. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ӨТІП, ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ.

тарту жарысынан алдына қара салмады. Ал білектілер бас қосқан қол күрестен Нұрлан Сәткеев үздік атанса, жалағаштық Жасұлан Мыңбай II орын, III орынды Зада Нұрқаділ иеленді. Ал балаларға «лөңгі» ойнау оңай болмағанымен, бұл спорт көп баланың назарын өзіне аударды. Аққыр ауылынан келген Айдос Мұсаев I орын алды. Айдоспен шамалас Еңбек ауылынан келген Еркінбол Қойшыбеков II орын, Жасұлан Байділдаев III орынды иеленді. Азия көлемінде Гр спортының көшін жалағаштық жастар бастап тұр десек қателескеніміз емес. Ауданда гр спорты соңғы бес жылдықта үздік мектеп болып қалыптасып келеді. Құрбан айт мерекесі қарсаңында өткен тартысты бәсекеде гр спортынан Нұрлан Сәткеев I орын, Ербол Азиз II орын және Жасұлан Байділдаев III орынды иеленді. Күллі мұсылманның ұлық мерекесінің маңызы жыл санап артып, ұрпаққа берер ұлттық құндылықтары көбейіп келеді. Жүлделі орын иеленгендерді және қатысқандарды ынталандыру мақсатында көсіпкерлердің қолдауымен қаржылай сыйлықтар табыс-талды.

Нұр НАУАН

Жалпы, Құрбан айтты атап өтудің мәні мен мағынасы зор. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде пайғамбарымызға: «Намаз оқы, құрбан шал» деп әмір етіп, құрбан шалудың уәкілітігін білдірген. Құрбан шалудың уақыты айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Асыл дінімізде ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған мұсылман адамға, тұрғылықты мекен жайында болған адамға, нисап мөлшеріне шамасы келетін адамға міндеттеледі. Қой, ешкі, сиыр және түйені құрбандыққа шалуға болады. Сиыр немесе

түйені жеті кісі бірігіп, ортақ шалуды шариғатымыз құлтайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Соқырлығы анық белгілі соқыр, ауруы белгілі аурушаң, яғни жүре алмайтындай дәрежеде болған ақсақ және жілік майы жоқ өте арық малдар құрбандыққа жарамайды» деген. Яғни құрбандыққа шалынатын малдың да жарамдысы, жарамсызы болады деген сөз. Жоғарыда аталған жағдайдағы түлік түрлері құрбандыққа шалуға келмейді. Айта кету керек, құрбандыққа шалынған малдың үштен бірі өз отбасына, бала-шағасына, үштен бірі туған-туыс, көршілеріне, ал қалған үштен бір

бөлігі кедей және мұқтаж адамдарға үлестірілуі керек. Бұл жерде ескеретін жайт, құрбандыққа шалынған малдың терісін, етінен қаспашыға қызмет ақысы ретінде берілмейді, теріні сатып ақшасын садақа ету қажет. «Құрбан айт» мерекесі елді бірлікке бастайтын игі шаралардың бірі екенін ескерсек, аудандық «Иманқұл» мешітінде аудан спортшыларының арасында өткен тартысты бәсеке соның айғағы болды. Расымен де ұлттық спорт түрлерінен өткен сайысқа көңіл және ауылдық округтерден келген үздік спортшылар қатысты. Бұл жолы Ақсу ауылынан келген «Ақсу» командасы арқан

Кездесу

Қаламы қарымды қаламгер

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы еліміздегі ерекше тұлғалардың өмірі мен еңбек жолын өскелең ұрпаққа көңінен насихаттап, жақын таныстырып, үлгі-өнеге ретінде көрсетуге жарқын жол аша түскені рас. Осы мақсатта «Өркениетке бастаған туған өлке» жобасы аясында аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Қазақстан Журналистер және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы» Рысбай Кәрімовтың шығармашылығына арналған «Қаламы қарымды қаламгер» атты кездесу кеші өтті.



Киелі өлкеміз дарынды таланттардан көнбе емес. Тілдің майын тамызып, сөзден түйін түйген қас шеберлер қазірде жетерлік. Солардың бірегейі, қаламынан әдеби көркем тілде жазылған тарихи тағымды дүниелер тұдырған Рысбай Кәрімовпен өткен кездесу кеші жас буынның әдебиетке деген қызығушылығын, кітап оқуға деген құлшыныстарын арттыра түскені рас. Рысбай Кәрімов 1943 жылы 13 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Қызылорда педагогикалық институтын, 1979 жылы Қазақтың ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1970-1972 жылдары Таң ауылындағы №118 мектептің мұғалімі, директордың орынбасары болып қызмет атқарған. Сондай-ақ Калинин совхозының өндіріс бригадирі, агрономы, аудандық партия

комитетінің нұсқаушысы, Аққұм совхозы партия комитетінің хатшысы болған. 1986-2000 жылдары №15 кәсіптік-техникалық училищенің директоры, аудан әкімшілігінің бөлім бастығы, 2000-2005 жылдары Бұқарбай батыр ауылдық округінің әкімі болып, кейін зейнеткерлікке шықты. Бірнеше рет ауылдық, аудандық кеңестерінің депутаты болып сайланған. ҚР Президентінің алғыс хатымен, Ұлы Жеңіске 65 жыл Қызылорда облысына 70 жыл мерекелік медальдарымен марапатталған. Ол «Ағайынды Бозжановтар», «Өмірім – еліміз тарихы», «Ерлердің есімі – ел есінде», «Алаш арыстарының тауқыметті тағдырлары», «Генерал Нұрулла Алмағамбетов», «Еліміз деп соққан жүрек», «Ржес қазанында қайнағандар» атты кітаптардың авторы. Шараға Рысбай Кәрімовтың замандастары, ардагер қаламдестері

Серік Бертаев, Кенжеғара Сүлейменов, Бұқарбай батыр ауылының имамы Бақытжан Ермаханов, қаламдас досы Болатбек Нұржанов, шәкірттері аудандық архив бөлімінің бастығы Жаңғабай Ибраев, Арыстанбек Байғабылов, Бұқарбай батыр ауыл әкімшілігінің бас маманы Дәурен Ибраев сынды бірқатар азаматтар қатысты. Саналы ғұмырын елге еңбек етуге арнаған Рысбай атамзды зейнетке шықса да халықпен етене араласып, тынымсыз еңбек етуде. Ағамыздың түздегі ел үшін өткен еңбегі шығармашылық еңбегіне ұласты. – Жалағаш ауданының құрылғанына биыл 84 жыл толды. Сол 84 жыл ішінде елдің ел болып қалыптасуына, қиындықты жеңіп, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөле отырып еселі еңбек еткен аға-әпкелеріміз көп. Өзіндік орны бар, тарихта аты қалған азаматтардың бірі – осы Рысбай ағамыз. Бұл кісінің үлкен бір қасиеті

– сөз қадірін білетіндігі. Мамандығы жаратылыстану пәнінің мұғалімі және агроном. Соған қарамастан тарихта орын алған, екіншісі бірі біле бермейтін, көп адам қалам тарта бермейтін он шақты кітаптың авторы, қаламды жанна серік еткен қарымды қалам иесі Рысбай ағамыздың қашанда оры бөлек, – деді Кенжеғара Сүлейменов. Танымдық шараны аудандық кітапхана директорының міндетін атқарушы Гүлсім Әлиасқарқызы қорытындылап, кеш қонақтарына алғысын білдірді. Рысбай Кәрімовты, ардақты ағалар қашанда кейінгі буынға үлгі болатынын, осы кездесу барысында жастар ұлттық құндылықтарымыз жайында, әдебиет әлемі туралы, адами жақсы қасиеттер хақында таным-түсініктерін тереңдеті түскендігін айта келе, үлкен ризашылығын білдіріп, қазақы жоралғымен сый-сияпатын көрсетті.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беріш жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1033